

Сабақ тақырыбы:
Өмірбаян. Түйіндеме.

Өмірбаян

Автор өзінің өміріне қатысты мәліметтерді хронологиялық тәртіппен құрастыратын құжат.

- Өмірбаянның деректемесі:
- -құжаттың аты;
- - автордың аты-жөні, тегі;
- -туған күні, айы, жылы, туған жері;
- - ата-анасы туралы мәлімет (АЖТ, жұмыс орны);
- - білімі және арнайы білімі, мамандығы туралы мәлімет;
- - атқарған қызмет түрлері;
- - соңғы жұмыс орны мен қызметі;
- - қошеметтеу белгілері және наградалары;
- - қоғамдық жұмыстарға қатысуы;
- - отбасы жағдайы және құрамы;
- - мекен жайы;
- - жазылған күні, айы, жылы; жеке қолы.

Мен, Әлия Оралбекқызы, ұлтым – қазақ, 1968 жылдың 8 қаңтарында Шымкент облысы, Сайрам ауданы, Ақкөл аулында жұмысшы отбасында тудым. Әкем – Оралбек Сейсенұлы, 1938 жылы Сайрам қаласында туған, зейнеткер. Шешем – Қаламқас Ғұмырқызы 1940 жылы Шымкент қаласында туған, зейнеткер.

1975-1985 жылдар аралығында Ақкөл қазақ орта мектебінде оқыдым. 1985 жылдан 1987 жылға дейін ауылдық нотариалдық кеңседе хатшы болып жұмыс істедім. 1987 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, аталған университетті 1992 жылы үздік дипломмен бітірдім. Университетті бітіргеннен кейін, аспирантурада оқыдым.

1995 жылы «Демократиялық қоғамдағы құқықтық қарым-қатынастар» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғадым.

1995 жылдан осы уақытқа дейін Қаржы министрлігінде заң бөлімінің бастығы болып жұмыс істеймін. 1999 жылы 1-31 мамыр аралығында АҚШ-та шетелдік іссапарда болып қайттым. 2002 жылғы мамыр-шілде айларында Франциядағы Халықаралық заңгерлер қауымдастығының ізденушісі болдым. Отбасым: күйеуім-Жаңабаев Арман Төлегенұлы 1969 жылы туған, биология ғылымдарының докторы, Ұлттық Ғылым академиясының жетекші қызметкері. Ұлым – Қанат Арманұлы 1993 жылы туған.

ӨМІРБАЯН

Мен, Мақсат Ахметұлы Жүсіпбеков, 1983 жылы, 10 қаңтарда Алматы облысы, Бостандық ауданы, Үшарал ауылында тудым.

Менің ұлтым – қазақ. Алматы қаласы Алатау ауданындағы №81 орта мектебін 2000 жылы бітірдім. 2004 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетінің 1 курсына оқуға түстім.

Ата-анам бар; әкем – Ахмет Жүсіпбекұлы циркте жұмыс істейді. Анам – Салтанат Әріпжанқызы ауруханада жұмыс істейді.

Мен үйленбегенмін. Қазір осы жоғары оқу орнының 5-курсында оқимын. Мақсатым – жоғары білімді маман болу.

Мекен-жайым: Алматы қаласы, Орбита -3 ықшамауданы, 26-үй, 48-пәтер, тел. 29-48-56.

Түйіндеме(Резюме)

Белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін іс қағазының бір түрі.

Цель	Найти работу с перспективой дальнейшего роста
Адрес	480096 · ГОРОД АЛМАТЫ · УЛ. ИСАЕВА 12-46 · Телефон: (07) 3272-689543 · Факс: (07) 3272-689544 · E-mail: svictor@nursat.com
Опыт работы	2000–2004 Предприятие «Болашак» Алматы <i>Руководитель планового отдела</i> <ul style="list-style-type: none"> Введена новая система планирования. Увеличены объемы продаж на 13%. Уменьшены издержки производства на 23%.
	1995–1999 Предприятие «Болашак» Алматы <i>Заместитель руководителя планового отдела</i> <ul style="list-style-type: none"> Увеличены объемы продаж на 7%. Организована единая компьютерная сеть. Введены в строй 4 филиала предприятия.
	1990–1994 Трикотажная фабрика № 1 Алматы <i>Старший экономист</i> <ul style="list-style-type: none"> Введена новая система расчетов с торговлей. Улучшена связь с поставщиками.
	1990–1994 Трикотажная фабрика № 1 Алматы <i>Экономист.</i> <ul style="list-style-type: none"> Установлена связь с поставщиками. Стажировка на головном предприятии.
Образование	1980–1985 Алматинский технологический институт Алматы <ul style="list-style-type: none"> Факультет: Экономика легкой промышленности. Специальность: Экономист.
Навыки	Компьютерные программы Microsoft Word, Excel, Power Point, Access английский язык – продвинутый уровень, казахский язык – начальный уровень, водительское удостоверение категории «В».
Увлечения	Компьютеры, автомобили, чтение.

Мақсаты	Болашақ мансапқа жеткізетін жұмыс табу
Мекен-жайы	480096 · АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ · ИСАЕВ КӨШЕСІ 12-46 · Телефоны: (07) 3272-689543 · Факс: (07) 3272-689544 · E-mail: svictor@nursat.com
Жұмыс тәжірибесі	2000–2004 «Болашак» кәсіпорны Алматы <i>Жоспарлау бөлімінің жетекшісі</i> <ul style="list-style-type: none"> Жоспарлаудың жаңа жүйесі енгізілді. Сату көлемі 13%-ке ұлғайтылды. Өндіріс шығындары 23%-ке кеміді.
	1995–1999 «Болашак» кәсіпорны Алматы <i>Жоспарлау бөлімінің жетекшісінің орынбасары</i> <ul style="list-style-type: none"> Сату көлемі 7%-ке ұлғайтылды. Бірыңғай компьютер торабы ұйымдастырылды. Өндірістің 4 филиалы құрылысқа енгізілді.
	1990–1994 № 1 тоқыма фабрикасы Алматы <i>Аға экономист</i> <ul style="list-style-type: none"> Сатуда жаңа есептеу жүйесі енгізілді. Тапсырушылармен байланыс орнатылды.
	1990–1994 № 1 тоқыма фабрикасы Алматы <i>Экономист.</i> <ul style="list-style-type: none"> Тапсырушылармен байланыс орнатылды. Бас өндірісте стажировка.
Білімі	1980–1985 Алматы технологиялық институты Алматы <ul style="list-style-type: none"> Факультеті: Жеңіл өндіріс экономикасы. Мамандығы: Экономист.
Дағды-машығы	Microsoft Word, Excel, Power Point, Access компьютер бағдарламалары ағылшын тілі – жалғастырушы деңгей, қазақ тілі – бастап үйренушілер деңгейі, «В» категориясының жүргізушілер куәлігі.
Әуестенуі	Компьютерлер, автомобильдер, кітап оқу.

Сөздік

Түйіндеме – резюме

Өмірбаян – автобиография

Басшылық – руководство

Мөр – печать

Мөртаңба – штамп

Тағайындау – назначить

Қабылдау- принять

Лауазым - должность

1 тапсырма. Мына сөз тіркестерінің аудармасын дұрыс тауып, баламасын көрсетіңдер. (Найдите правильный перевод следующих словосочетаний, укажите эквивалент).

1	Төлқұжат	А	Глава государства
2	Анықтама	Ә	Удостоверение личности
3	Жоспарды бекіту	Б	Служебные письма
4	Ақшалай сыйақы	В	Резюме
5	Шартқа қол қою	Г	Паспорт
6	Қызметтік хаттар	Ғ	Отправить телеграмму
7	Түйіндеме	Д	Утвердить план
8	Жеделхат жіберу	Е	Денежная премия
9	Мемлекет басшысы	Ж	Справка
10	Жеке куәлік	З	Подписать договор

2 тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді пайдалана отырып өз өмірбаяныңыз бойынша қойып шығыңыз. Вместо многоточечных расставьте по своей биографии, используя соответствующие слова

Мен,.....(аты-жөні).....(қашан және қандай) отбасында тудым. Әкем-.....(аты-жөні)..... жаста, анам-.....(аты-жөні) жаста. .

.....жылы,.....қаласындағы № мектепті бітіріп,..... жылы..... (қандай оқу орнына) түстім. жылы аяқтап, (қайда?! шықтым\ үйлендім\ үйленбегенмін. Менің мақсатым: (мамандығы)..... .

Мекен-жайым облысы, қаласы, көшесіүй, пәтер. Үй телефоны:.....

3 тапсырма. Өз түйіндемеңізді үлгіге қарап жазыңыз. Напишите свое резюме по образцу.